

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 560 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы"»Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 109-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары"»деген 6-тармақтың кестесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-1-жолмен толықтырылсын:

5-1	106	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жеміс дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпе ағаштарын егуді және өсіруді қамтамасыз етуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттер	Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен 450-550 гектар алаңға жеміс ағаштарын және 650-750 гектар алаңға жүзімнің көп жылдық екпе ағаштарын егуге және өсіруге жіберген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шығындарын ішінара (40%) өтеу	Қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстардың әкімдері
-----	-----	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------	---------------------------------------------------------------------------

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі